

Уәлиханов ауданы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы мәслихатының 2024 жылғы 14 ақпандағы № 9/14 с шешімі

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 365-бабы 3-тармағының 3) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6- бабы 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес, Уәлиханов аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Уәлиханов ауданы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Уәлиханов аудандық мәслихатының төрағасы

М.Абдулов

Уәлиханов аудандық мәслихатының

2024 жылғы 14 ақпандағы

№ 9-14 с шешіміне қосымша

Уәлиханов ауданы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер

Атауы	Есептік бірлік	Теңге (Қосылған құн салығысыз)
Жайлы үйлер	1 тұрғын айына	357,63
Жайлы емес үйлер	1 тұрғын айына	371,94
Бір бірлігіне (көлеміне) жылдық тариф	1 м3	5722,06